

4. Баткуллин, А.А. (n.d.). Аналитическая записка Министру цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Казахстана. Департамент судебной администрации по городу Астане <https://case.apa.kz/storage/uploads/24/11/27/05/10/43/6634.pdf>

5. Электронды дауыс беру платформасы https://election.gov.kz/kaz/elek_torialdyk-sozdik/opredeleniya/%D0%AD/elektrondy-dauys-beru.php

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖҰМЫСБАСТЫЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ: ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Ақжігіт М. Қ

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің
Саясаттану оқу бағдарламасының студенті, Қазақстан
e-mail: akzhigitmarina7@gmail.com

Ғылыми жетекші: PhD, қауымдастырылған профессор Бейсенова А. А

Студент болу жаңа жолдың жарқын бастауы. Мектеп қабырғасын аяқтаған әрбір жас түлектің арманы- студент болу. Бұл жаңа кезең, жаңа мүмкіндіктер, арман мен мақсаттардың тоғысар сәті.

Қазіргі таңда елімізде жалпы студенттерің саны 678,1 мың адамды құрайды. Және бұл көрсеткіш жыл сайын артып келеді. Соңғы 5 жыл ішінде жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын ұйымдардың саны 4,9% қысқарып, 2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда студенттер саны 17,6% өсті. Бұл дегеніміз білім алу мен кәсіби дамуға құштар жас мамандардың артуы. Бірақ, статистикалық көрсеткіштерге сәйкес, өткен оқу жылында қабылданған студенттер саны 60,9 мың студентті құраса, 63,3 мың студент оқудан шығып, 152,8 мың адам оқуды бітірді. Осы деректерден оқуға түсетін студенттердің бұл жолды аяқсыз қалдырып жатқанын көруге болады. Жалпы, оқуды аяқсыз қалдырудың бірнеше негізгі себептері бар: академиялық үлгерімінің төмендігі; оқу тәртібін (студент ережесі мен университет Жарғысын) бұзғаны үшін; өз өтінішіне сәйкес; басқа оқу орнына ауысуына байланысты; келісімшартты бұзғаны үшін; денсаулығына байланысты. Бұл ережелер жалпыға бірдей. Бірақ әрбір білім беру ұйымының өзіндік ережелері бар.


Университетте білім алу жай ғана 4 жылдық уақыт емес. Ол арман мен мансаптың шыңына жетер қадамдар. Бұл кезеңінде өзіндік есте қалар сәттері де бар. Мысалы, студенттер үйінде тұру, басқа да студенттермен бірге жиналу және ең бастысы оқу процесі. Осы тұста студенттік өмір тек қана көңіл көтеру мен жаңа достар табудан тұрып қана қоймай, оқу процесіне де ерекше көңіл аударуды талап етеді. Әрбір өткен оқу процесі біздің болашағымыз үшін өте маңызды. Оқу процесінде белсенді болу, білгеніңмен бөлісу, әрқашан алдыға ұмтылу студентке тән қасиет. Және ең маңыздысы оқу процесінен шектеліліп қалмау. Кейбір студенттер бұл кезеңде білім алудың қаншалықты маңызды екенін ұмытады. Оқу процесін алғышқы орынға қоймаудың жас буын өмірінде бірнеше себептері бар. Және сол себептердің ең ауқымдысы оқу мен жұмысты қатар алып жүру. Бұл процесс жалпы өте жиі кездеседі. Тек Қазақстан ғана емес, әлемде, соның ішінде Еуропа, АҚШ елдерінде белсенді көрініс табады. Мысалы, Фин студенттерінің шамамен жартысы университетте оқып жүргенде жұмыс істейді. Жұмыс істейтін студенттер аптасына шамамен 20 сағат жұмыс істейді және өмір сүру шығындарының жартысын жұмыстан түскен табыс арқылы жабады.

Бұл мақаланың негізгі мақсаты ол студенттердің оқу мен жұмысты қатар алып жүруінің себептері мен салдарын кешенді түрде талдау, оның тиімді жақтарын анықтау және туындайтын мәселелерді көрсету. Зерттеу Қарағанды қаласы аумағында, 100 студенттен алынды. Оның 46%-ы ер, 54%-ы әйел адам екені анықталды. Осы 100 студенттің 17%-ы студенттер үйінде, 21%-ы жалдамалы пәтерде, 41%-ы ата-анасымен бірге, 21%-ы туысының үйінде тұрады. Зерттеуге қатысқан студенттердің 81%-ы қазіргі таңда жұмыс жасайды, 16%-ы маусымдық немесе уақытша жұмыстар жасайды, ал 3%-ы бұрын жұмыс жасаған. Және зерттеу барысында туындаған ең қызықты сауалдардың бірі: Студенттер кім болып жұмыс жасайды?

Студенттер негізінен икемді кестесі бар, арнайы жоғары біліктілікті талап етпейтін салаларда еңбек ететіні белгілі. Бұл салалардың басым бөлігі қызмет көрсету саласы. Зерттеуге нәтижесі бойынша қатысқан студенттердің 37 %-ы сатушы (кеңесші), 16%-ы бариста, официант, 6%-ы отбасылық бизнесте, 6%-ы жеткізу қызметінде, 7%-ы SMM болып, және 49%-ы басқа салада (флорист, құрылыс, такси, жеке бизнес) жұмыс жасайтынын анықталды. Бұл салалардан бөлек білімді жетілдіремін деген студент жастардың 11%-ы репетитор, 2%-ы фрилансер/онлайн тапсырыс, 1%-ы аудармашы және 2%-ы студенттік басқару ұйымдарында жұмыс жасайтыны белгілі болды.

Қазіргі таңда ерте жастан еңбекке араласудың оңай емес екендігі белгісі. Бірақ, бұл процестің күрделілігіне қарамастан, оның қалыптасуына әсер ететін бірнеше себептер бар. Және бұл туралы зерттеу барысында студенттерге сұрақ ұсынылды: «Жұмыс жасау себебіңіз қандай?»

1-диаграмма. Студенттердің жұмыс жасау себептері



Осы диаграммада көрсетілген нәтижелерге сәйкес қазіргі таңда студенттердің көп бөлігі өзінің күнделікті шығындары үшін жұмыс жасайтыны көрсетілген. Одан бөлек нәтижелер арасында басқа да жоғары көрсеткіштерге ие себептерді де байқауға болады.

Бұл көрсеткіштердің барлығы жай ғана сандар емес. Бұл жас маманның болашағы. Университетке білім алуға келген студенттің басты мақсаты ақша табу емес, білікті, білімді маман болып шығуында. Бірақ, қазіргі таңда университетке білім үшін емес, диплом үшін келетін жас буынның саны біршама. Ұлттық статистика бюросының 2025 жылдың I тоқсанындағы мәліметіне сүйенсек, 16-34 жас аралығындағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,1%-ды құраған. Бұл көрсеткішті 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырсақ өзгеріссіз қалып отыр.

Бүгінде жастардың бір бөлігі тек грант бар мамандыққа түсіп, диплом алу үшін оқитыны рас. Бірақ бұл диплом – нарықта сұранысқа ие маман болуға кепіл емес. Соның салдарынан көптеген жас маман алған білімі бойынша жұмысқа орналаса алмайды.

Әлеуметтанушы Айсұлу Молдабектің айтуынша, кейбір есептерге сәйкес, түлектердің шамамен 40%-ы мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Бұл статистикалық нәтижелердің туындау себептеріне осы зерттеу барысында студенттерге қойылған тағы бір сауалдың нәтижесі негіз бола алады. Зерттеу нәтижесінде 57% студенттер мамандығына байланысы жоқ, қосымша табыс көзі ретінде жұмыс жасайтынын көрсеткен, ал 13% студенттер уақытша басқа салада, өзіндік қызығушылықтар бойынша жұмыс жасайды және 4% студент мамандығына қатысты тәжірибе жинақтайтын жұмыспен айналысады.

Осы нәтижелер арқылы болашақ мамандардың мамандықтан ауытқып кету қаупі артып отырғанын байқауға болады. Себебі студенттердің басым бөлігі өз мамандығына қатысы жоқ жұмыс түрлерімен айналысып, уақыт өте келе негізгі кәсіби бағытына деген қызығушылығының төмендеуіне әкелуі мүмкін. Бұл жағдай олардың алған білімін толыққанды қолданбауына, кәсіби дағдыларының жеткілікті деңгейде дамымауына және еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігінің әлсіреуіне себеп болады. Сонымен қатар, мұндай үрдіс жас мамандардың болашақта мамандығы бойынша жұмыс істеу ықтималдығын азайтып, кадр тапшылығы мәселесінің туындауына да әсер етуі мүмкін.

Студенттік кезеңде еңбекке араласу қазірге жастар үшін қалыпты әрі пайдалы процесс. Бұл тек қана қосымша табыс көзі ғана емес, сонымен қатар тұлғалық дамудың көрнісі. Еңбек тәжірибе арқылы студенттер адамдармен коммуникация жасауды, өздеріне, өмірлеріне жауапкершілік алуды, тәртіптен, талап қоюды, табандылықпен, қаржылай сауатты болуға үйренеді.

Дегенмен, студенттік кезеңде оқу мен жұмысты қатар алып жүру белгілі бір қиындықтар мен денсаулық өзгерістеріне әкеледі. Кей жағдайларда бұл процесс студенттің оқу үлгеріміне тікелей әсер етуі мүмкін. Себебі, уақыт жетіспеушілігі мен шаршау оқу процесіне белсенді араласуға кедергісін келтіреді. Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек балансты ұстай алатын 44% студент оқу мен жұмысты қатар алу оқу үлгеріміне әсер етпейтінін, 15% студент айтарлықтай әсер ететінін, ал 33% студент бұл процесте аздап қиындықтарың туындайтынын көрсетті.

Денсаулық тұрғысынан алғанда, мұндай қарқынды өмір салты студенттердің жалпы жағдайына кері әсер етуі мүмкін. Үнемі шаршау, демалыстың жеткіліксіздігі, ұйқы нашарлау,

иммунитеттің әлсіреуі студенттің белсенділігін төмендетеді. Сонымен қатар, ұзақ уақыт бойы күйзелісте жүру жүйке жүйесіне салмақ түсіріп, эмоционалдық тұрақсыздықты тудыру ықтимал.

Қорытындылай келе, студенттік кезеңде еңбекке араласу – жас адамның тұлғалық дамуына, тәжірибе жинақтауына және болашақ маман ретінде қалыптасуына үлкен мүмкіндік береді. Бұл процесс арқылы студент жауапкершілікке, уақытты тиімді басқаруға және қаржылық сауаттылыққа үйренеді. Дегенмен, оқу мен жұмысты қатар алып жүру белгілі бір қиындықтар туғызып, сабақ үлгеріміне де, денсаулық жағдайына да кері әсер етуі мүмкін.

Сондықтан ең маңыздысы – осы екі бағыттың арасындағы дұрыс тепе-теңдікті сақтау. Уақытты тиімді жоспарлау, демалыс режимін ұстану және денсаулыққа мән беру арқылы студент өз мақсатына жетіп, жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптаса алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Qazstat. Білім беру, ғылым және инновациялар статистикасы. [Электрондық ресурс] – Астана, 2025. – Қолжетімділік: <https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/stat-edu-science-inno/publications/304823/>
2. Egemen Qazaqstan. Қоғам. [Электрондық ресурс] – Астана, 2025. – Қолжетімділік: <https://egemen.kz/article/387493-zhastar-arasyndaghy-dgumyssyzydyq-ali-de-ozekti-masele>
3. ScienceDirect. Elsevier. Labour Economics. [Электрондық ресурс] – 2026. – Қолжетімділік: https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0927537104001149?utm_source=chatgpt.com

ҚАЗІРГІ ЖАСТАР МЕН АҒА БУЫН: КӨЗҚАРАС ҚАЙШЫЛЫҒЫ МА, ӘЛДЕ ДАМУ КЕЗЕҢІ МЕ?

Әбдіғалым Ә.Қ.

Математика және ақпараттық технологиялар
кафедрасының студенті

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қазақстан
e-mail: karakatbdigalym@gmail.com

Ғылыми жетекші: саясаттану және әлеуметтану кафедрасының мұғалімі Муханова Ж.С.

Әр әлеуметтік мәселені зерттеу нәтижесінде жазылған жұмыстың басым көпшілігінде кіріспесі қоғамның үздіксіз даму ортасы екендігінен басталады. Яғни қазіргі таңдағы көрініс беретін әр түйткілдің арты жаңа қоғам өзгерісі, жаңа тарих нәтижесі тұрғанына келіп тірелмек. Біз талдағалы отырған дерттің не керсінше айтар болсақ ұрпақтар жемісінде бұл көзқарастан алыс кетпегені анық. Әрбір 15-20 жыл сайын болмысы жаңаратын ұрпақтардың елге, әлемге үлкен әсер беретінін түсіну қиын емес. Әуелі тың қызығушылықтарымен мәдениеттің жаңа бейнесін қалыптастырса, кейін экономика мен саясатты да өзгеріссіз қалдырмайды. Мысалы, миллениалдар мен зумерлердің жұмыстағы іс-әрекеттеріндегі айырмашылықтары жайлы қазір көп айтылуда, түрлі подкасттар, әлеуметтік желілерде жүрген қысқаша әзіл ретінде түсірілген бейнероликтер немесе осы жайлы шағын посттар. Осылайша уақыт алмасуының дәл осындай көріністері цифрлық дәуірде тіптен айқын байқалуда. Технологияның көзді ашып жұмғанша жаңаруы, сол арқылы ақпарат ағынының да көз ілеспес жылдамдық алуы, барлық әлеуметтік желілердің ықпалы- жастардың ойлау жүйесін өзгертті делік, сонымен қатар аға буынның да тұрақтылыққа өне бойы қалыптасқанын жоққа шығара алмаймыз. Бұл әр кезеңнің алға қояры әртүрлі дегенді білдірмек. Бастапқыда тәртіп-тәжірибесімен маңызды болған кезеңді кейін жаңашылдық маңызы артар кезең орнын алмастырады. Бірі «бұрын бәрі басқаша еді, біздің кезімізде...» деп өткенді үлгі етсе, екіншісі «заман өзгерді, мода басқа» деп жаңашылдықты жақтамақ. Ендеше «жастар мен үлкендер арасындағы көзқарас алшақтығы шынайы қайшылық па, әлде қоғам дамуының заңды, эволюциялық кезеңі ме?» деген сұрақ туындайды.

Әр мәселенің шешімін табу үшін алдымен мәселенің пайда болу себептерін айқындаған жөн. Бұл қайшылықтардың әр буынның ерекшелігіне байланысты қалыптасқан десекте, оның ішінде бірнеше фактордың бары адам назарынсыз қалмауы тиіс. Негізгі себептерді тізіп өтсек:

- Технологиялық даму (интернет, әлеуметтік желілер, цифрлық орта).
- Білім мен ақпаратқа қолжетімділіктің артуы.
- Қоғамдық-саяси өзгерістер.